

**М.И. Рахимов, М.А. Алпысбес**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

## ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯСЫ: ҚАЛМАҚҚЫРЫЛҒАН

**Аңдатпа:** Осы мақалада Май ауданы Ақшиман елді мекенінің маңында орналасқан Ертіс өңірінің киелі нысаны «Қалмаққырылған» қарастырылған. Бұл тарихи-мәдени орын қазақ халқының жонғар шапқыншылығына қарсы тәуелсіздік үшін қурестің күөгері. Сондықтан атамыш мақалада XVIII ғасырдың I жартысында орын алған тарихи оқиғалар желісі ауызша және жазба деректермен қайта қалпына келтіріліп, қазақ халқының жонғар басқыншыларымен құресі баяндалады.

Мақаланың басты мақсаты Қалмаққырылған бойынша барлық мәліметтерді бір арнаға жүйелеп, киелі орынға қатысты ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, ғылыми-теориялық ой елемгінен өткізу. Сонымен қатар зерттеушілер мен саяхатшылардың естеліктері мен еңбектеріндегі дүниетанымдық, этнографиялық, топонимикалық, картографиялық және ауызша мәліметтерге сүйене отырып, «Қалмаққырылған» киелі орнының отандық тарихымыздығы тарихи-мәдени маңыздылығын көрсету.

**Түйін сөздер:** Ертіс өңірі. Киеle нысан. Қалмаққырылған. Олжабай батыр. Әулие үңгір.

Қалмаққырылған – XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы қурестің өзге нышандары секілді, отандық тарихта орыны ерекше жер. Бұл тарихи аңыз-әңгімелерге бай тарихи-мәдени ескерткіш. Қалмаққырылғанның киелі нысан ретіндегі мәні – халықтың жадында бүкіл Сарыарқаның тағдыры шешілген соңғы шайқас алаңы ретінде сақталғанында.

Қазақстанның тұнғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әрбір өлкенің халқына сұყта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас үрпақ біліп өсуге тиіс» – деген жолдары Қалмаққырылғанды жан-жақты зерттеуге негіз болды. Сондықтан халық жадында сақталылып атауы аңыз болған тарихи орынмен сол жерде шайқасқан батыр бабалармыздың есімдерін жас үрпақ білу бүгінгі күннің басты талабы [1].

Біздің кең байтақ аумағымызда «Қалмаққырылған» деп атаптатын бірнеше жер бар. Мысалы Қарағанды облысы Ұлытауда Бұлантты мен Білеуті өзендерінің аңғарында «Қалмаққырылған» деп атаптатын тәбе бар. Сонымен қатар, Ақтөбе облысы Темір ауданына қарасты бір ауыл осылай атаптады. Біздің зерттеп отырған тақырыбымыз Ертіс өңіріне қарасты, қазіргі Май ауданы, Ақшиман елді мекенінде орналасқан «Қалмаққырылған».

Атамыш нысанды зерттеуді қолға алу мақсатында 2018 жылдың маусым айының 20-сы С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, ф.ғ.к., профессор Ахметова Гаянәр Ғалымқызы және Павлодар облысы «Ауыл» партиясы филиалының тәрағасы Ермат Байғұрмановтың бастамаларымен құрамында с.ғ.д., профессор А.А. Ақышев, белгілі археолог В.К. Мерц, т.ғ.к., доцент Қ.Қ. Батталов және өзге білікті мамандармен барлау экспедициясы жасақталылып, көзімізben көріп, танысып қайтқан едік.


Бұл киелі орын XVIII ғасырда қазақ жерінің бостандығы жолында бабалар қуресінің күөгері болған орын. Халық арасында сақталған аңыздарға сүйенсек, XVIII ғасырдың 40-шы жылдары қалмақ қолы Баянаулаға шабуылдан жаулап алу мақсатын көздейді. Келген жауға Жасыбай батыр бастаған жасақ қарсы тұрады. Бұл дүшпанға бірнеше рет соққы жасаған танымал батыр. Сол кезде қазақтардың қолбасшы батыры Олжабайдың тапсыруымен Жасыбай батыр шағын жасақпен келе жатқан қалмақ қолын тауда бектерінде тоқтатуға аттанады. Сабындықөл жағасында Жасыбай асқан ерлік көрсетеді, бірақ батырдың қапыда қалған сәтін пайдаланған қалмақ қонтайшысы Жасыбай батырды жазмыш қылады. Дегенмен қатары азайып қалған жау жазық даға шегініп, қазіргі Қалмаққырылған даласына келіп бекінеді. Жасыбай батырдың кегін қайтару үшін Олжабай батыр қалың қолмен қып келеді. Шатқалдар арасында қоршауда қалған жонғарлар жансағалап тығылады. Сол кезде олардың басшысына Олжабай: «Сендердің бәрің өлген Жасыбайдың бір шынтағына татымайсындар», – деп, жауынгерлеріне жауды аямаңдар деп белгі береді. Қалмақтар жан-жаққа қашып, өліктері далада шашылып қалса керек. Осылай халық жадында бұл жойқын шайқас алаңы «Қалмаққырылған» деп атаптып қалған екен [2].

Қалмаққырғандағы шайқастың уақытына байланысты тарихта бірнеше пікір бар. Ф.А. Щербина экспедициясы негізінде жарық көрген «Далалық аймақтарды зерттеу бойынша жинақталып өзірлеген Қырғыздардың жер пайдаланауы бойынша материалдар» еңбегінде Ә. Бекейханов келесідей мәліметтер қалдырыған: «Айдаболдың кіші баласының немересі, 160 жыл бұрын Абылай ханға қызмет еткен Олжабай батыр, 1730 жылдары Баянауыл тауларына келеді. Бұл жерде Олжабай батыр қалмақтарға тап болады, ұзақ жылдарға созылған крестен соң олар қазактармен оңтүстікке шегіндіріледі. Қалмақтармен болған шиеленістерді қазақтардың суырып салма «ақындары» ерекше бейнелеп, қалмақтардың күлгүсін «жауажүрек Олжабай батыр мен оның атақты ханы Абылайға» тиесілі екениң айтады. Уездің оңтүстік-шығыс бөлігінде Шідерті өзенінің жоғарғы ағынында Шұршітқырған төбесі мен уездің оңтүстік-шығысындағы Қалмаққырған тауы Павлодар уезі аумағындағы қазақ пен қалмақтардың арасындағы ұзақ крестің мәңгілік ескерткіштері ретінде сақталған. Шұршіт деп қазақтар қытайларды атаған, ал «Қырған» «қырмак» етістігі, «жою» деген мағынаны білдіреді. «Қалмаққырған» еркін аудармада қалмақтардың жеңілген жері немесе қалмақтардың жаппай қырылған жері дегенді білдіреді [3, 4].

Осылайша, Ә.Бекейхановтың пікірінше, Қалмақырған шайқасы 1730-шы жылдардың басында болған десе, ал Әлкей Марғұланның пікірінше, Жасыбай батыр қайтыс болған Баянауыл тауларындағы ұрыс пен Қалмақырғандағы Олжабай батырдың қалмақтарды жаппай қыруы XVIII ғасырдың 40-шы жылдары болған деген қорытынды жасаған.

Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының «Сарыарқа тарихы» шығармасында келесідей жазба кездеседі: «Баянауыл тауында «Жасыбай асуы» – сол Жасыбай, қазақтың батыры, қалмақпен атысып, оққа ұшып, сол жерге қойғаннан, «Жасыбай» атанған. Қызылтаудың бауырында «Қалмаққырған» деген жер – қалмақтың қазақтан ақырғы қырылған қырылышы. Жасыбай оққа ұшқан жолы ер Олжабай бас болып аттанып, қалмақты сол жерде қойдай қамап, иіріп қойып қырып, соナン: «Қалмақ қырған» атанған. Соナン соң қайтып қалмақ бүл Арқаны көре алған жоқ» – деген мәлімет қалдырады [4]. Әулие Мәшһүр Жұсіптің қалдырган мәліметтері, киелі «Қалмаққырған» жерінің қазақтардың жаудың сағын сыңдырыған алапат үрыс алаңы ретінде ел жадында мәнгі өшпей қалғанының бір дәлелі.

Жалпы бұл шайқастың шынайы болғаны туралы Ресей мемлекеттік тарих мұрағатынан бертін табылған картографиялық дерегіміз дәлел бола алады. Бұл XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырда қазақ жерін отаршылдық мақсатта жан-жақты зерттеу үшін жіберілген әскери экспедициялар, жер атауларын картага түсіріп, тарихи оқиғаларды жазып алуға тырысқан. Соның бірі Ресей мемлекеттік тарих мұрағатында сақталынған 1800 жылдың картасы:



Сурет 1 – Ертіс өзені су жолдарынан Ташкент билеушілерінің жеріне дейінгे карта. 1800 ж.

Атамыш картадан қазіргі Тұндік өзені, Қызылтау мен Қалмақтың жағанды нақты көре аламыз [5].

Қалмақтың туралы тағы бір мәліметті саяхатшы Михаил Пришвиннің 1905-1913 ж. күнделіктерінде жазылады: «Бос қыстаудың маңына тоқтадық. Осы жерден белгісіз тау көрінді. Бұл таудың шыңдары алыстан Қызылтаудың маңынан көрінген еді. Біз бұл тауды Қалмақтың (Қалмақтарға әлім) деп ойладық» [6].

Жалпы Қалмаққырылған тауының төбелерінде 10 тіпті 20 тонна болатын алып тастарды байқауға болады. Бұл тастарды көне көз қариялардың әңгімелеріне сенсек, сол заманда қазақтар жонғар қолына таудан құлатып пайдаланған деген сөз бар. Сонымен қатар бірнеше тау шындарының халық жадында сақталған атаулары қызығушылықты туғызады. Мысалы «Қалмаққырылған» тауларының бір шыны «Гаүһар биігі» деп аталады. Аңыздарға

назар аударсақ, Малайсары батырдың қарындасы, Қаракерей Қабанбай жары Гауһар қызға арналған екен. Жаугершілік заманда батыр қыз сол шыңың тәбесіне шығып, маңатты бақылап отырған екен. Егер жауды көрсе, дереу ағасы Малайсары батырга хабарлаған. Тарихшы Ж.О. Артықбаевтың мәліметтеріне сүйенсек, Гауһардың шын есімі Майсара болыпты. Сол себепті қазіргі Май ауданы халық жадында батыр қыздың есімімен байланысты сақталса керек.

Одан өзге «Қыз құлаған» деп аталатын бір биік бар. Бұл атау Әсия есімді қызды атанасты қалың малға, жасы келген бір байға бермекші болады. Қыз сүйген адамымен тұрмыс құрып, өз бақытымен бірге өмір сүргісі келгенімен оның пікіріне ешкім құлақ аспаса керек. Тендерің іздеген сұлу бұл қиянатқа шыдай алмай, биіктен құлап, ғайып болған екен [7].

Таудың күн жағында жергілікті халық киелі деп бағалайтын Өулие үңгір кездеседі. Үңгір кіребересінің биіктігі шамамен 3 м., ені 1,5 м. Үңгір ішіне 5, 6 метр еркін жүріп, кейін жас бала ғана сиятын тар қуысқа айналады. Бұл жерге алғашқылардың бірі болып 1920 жылы академик Қ.И. Сәтбаев келген екен, оған дәлел үңгірдің кіреберіс сол жақ тәбесіне «Қаныш» деп есімін жартасқа ойып жазып қалдырған. Өкінішке орай, біреулер үстінен ақ бояу жағыпты. Қазіргі кезде жергілікті тұрғындар соған байланысты «Қаныш Сәтбаев» үңгірі деп атап жүр. (2 сурет.)



Сурет 2 – «Өулие үңгір» немесе Қ.И. Сәтбаев үңгірі

Кейіннен осы жерде 1930 жылы академик Қ.И. Сәтбаевтың бастауымен М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылыпты. Спектакльде Кебектің рөлінде Қаныш Сәтбаевтың өзі ойнаған деген ақпараттар айтылады [8].

Дегенмен бұл жерге келуші адамдардың тәрбиесіз қылыштар танытып, мәдени нысандарға жан-жағынан өз есімдерін шимайлап, жабайы жазулар жазып кетуі қынжылтады. Сол себепті қазақ халқының тарихынан сыр шертетін мәдени нысандарға келушілер таралынан қамқорлықты талап ету қажет.

Қазіргі кезде Қалмаққырылғанға этно-археологиялық зерттеулер жүргізілуде. Сондықтан бұл киелі нысан болашақта халық назарын өзіне тарта алатын киелі туристік орынға айналатынына сеніміміз мол.

### Әдебиеттер

- Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [электрон. ресурс]. – 2017. – URL: [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news / press\\_conferences / memlekет -basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news / press_conferences / memlekет -basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy). – қаралған күні: 09.09.2019 ж.
- Еңсебаев Т.А. Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер / бас ред. А. Нуҳұлы. – Павлодар: Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, 2017. – Т. 1 – 408 б.
- Материалы по киргизскому(казахскому) земляпользованию собранные и разработанные по исследованию степных областей. Т.4. Павлодарский уезд. – Воронеж: Тип. В.И. Исаева, 1908. – 505 с.
- Мәшіұр Жұсіп Көпейұлы. Сарыарқа тарихы (1, 2, 3 нұсқа) // Мәшіұр Жұсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ФФ, 2006. – 8 т. – 264–290-бб.
- Ресей мемлекеттік тарих мұрағаты. Санкт-Петербург. Қ.1399. Т.1. Іс 223
- Пришвин М. Ранний дневник 1905-1913 гг. Поездка от Павлодара до Каркаралинска. – Санкт-Петербург: Росток, 2007. – 800 с.
- Сахаба Т. Қалмаққырылған құпиясы немесе Сарыарқаның тағдыры шешілген жер // Сарыарқа самалы. 21 желтоқсан, бейсенбі. 2017. 7 б.
- Бықай Фарида Қалмаққырылған неге елеусіз қалды? // Егемен Қазақстан. №235(29216) 6 желтоқсан. Сәрсенбі. 2017 ж. 1-3 бб.

### САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРИИРТЫШЬЯ: КАЛМАКҚЫРЫЛГАН

М.И. Рахимов, М.А. Алпысбес

В этой статье рассматривается сакральный объект Прииртышского региона «Калмакқырылган» – «Место гибели калмыков». Это историко-культурное место является

немым свидетелем борьбы казахского народа за свою независимость против джунгарских захватчиков. Поэтому в названной статье на основе устных и письменных источников восстанавливаются исторические события, имевшее место в первой половине XVIII века, излагается борьба казахского народа против джунгарских захватчиков.

Основная задача статьи – систематизировать все сведения о сакральном месте и учитывая мнения ученых, провести научно-теоретический анализ. А также опираясь на собранные мировоззренческие, этнографические, топографические, картографические, устные сведения в воспоминаниях и трудах исследователей и путешественников, определить историко-культурную значимость Калмаккырылгана в отечественной истории.

**Ключевые слова:** Прииртышский регион. Сакральный объект. Калмаккырылган, батыр Олжабай. Священная пещера.

## SACRED GEOGRAPHY OF IRTYSH: KALMAKKYRYLGAN

M. Rakimov, M. Alpusbes

*This article discusses the sacred object of the Irtysh region «Kalmakkyrylgan» - «The place of death of Kalmyks». This historical and cultural place is a mute witness of the struggle of the Kazakh people for their independence against the Dzungarian invaders. Therefore, in this article, based on oral and written sources, historical events that took place in the first half of the eighteenth century are restored, the struggle of the Kazakh people against the Dzungarian invaders is described.*

*The main objective of the article is to systematize all the information about the sacred place and, taking into account the opinions of scientists, conduct a scientific and theoretical analysis. As well as relying on the collected worldview, ethnographic, topographic, cartographic, oral information in the memoirs and works of researchers and travelers, to determine the historical and cultural significance of Kalmakkyrylgan in domestic history.*

**Key words:** Irtysh region. Sacred object. Kalmakkyrylgan, Batyr Olzhabay. Holy cave.

FTAXP: 02.71

Қ.Ж. Қасымбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

## ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада, араб-мұсылман қоғамындағы діни түсініктеге негізделген «Бақыт» ұғымы жайлы мәліметтерді топтастырып, «Бақыт» концептісінің мұсылман қоғамындағы орнын анықтауға талпыныс жасалады. Исламдағы «Бақыт» ұғымының негіздерін және теориялық маңыздылығын талдау барысында Құран мен Хадис мәтініндегі «Бақыт» ұғымы, оның қолданысы, отандық және араб-мұсылман ғалымдардың «бақыт» жайында ойларын көлтіреміз. Исламда «Бақыт» концептісі туралы салыстырмалы теориялық зерттеу әдістерін қолданамыз. Ислам дінінде Құран аяттарында келгендей, мұсылман адам осы өмірде білім алғып, оған амал етумен қатар, ақыретте «Саъадатул-кусуа» шексіз бақытқа қол жеткізу үшін үміттеніп, Жаратушы Алладан дұға етіп сұрау керектігі баян етіледі. Муміндер дүниелік өмірінен кейін басталатын жаңа өмірге, яғни мәңгілік өмірге сеніп, шынары өмір мен шексіз бақыттың тек ақыретте ғана болатынына сенімді. Діни мәтіндерде мәңгілік жан мәңгілік бақыттың дәмін татумен ғана бақытты деген мағыналары қарастырылады. Материалдық бақыт адамды шынары бақытты ете алмайтыны діни түсініктег аясында тұжырымдалады. Ғалымдардың «бақыт» жайлы айтылған ойлары көлтіріліп құттапталады. Ислам дінінде күнәларды жасаудан ада болып, мәңгілік бақытқа кенетелетіні діни мәтіндер көлтіріледі.

**Түйін сөздер:** бақыт, концепт, ислам, дін, Құран, Хадис, араб, мұсылман, бақытты, рухани құндылық, ойшыл, дүниетаным

Адамзат баласы бақытты болудың жолын ертеден бері ізденеп келеді. Әр халық өзінің дүниетанымы мен діни түсініктерінің аясында бақытқа қол жеткізудің жолын сілтейді.

Біз осы мақалада араб-мұсылман қоғамындағы діни түсініктеге негізделген «Бақыт» ұғымы жайлы мәліметтерді топтастырып, «Бақыт» концептісінің мұсылман қоғамындағы орнын анықтауға тырысатын боламыз.

Алдымен «Бақыт» сөзінің араб тіліндегі баламасы мен оның мән-мағынасына тоқталсақ, араб тілінде түбірі «Саъида» (سعيده) сөзінен өрбитін «саъи:датун» (سعاده) сөзі – тіліміздегі бақыт ұғымына балама ретінде қолданылады. Бұл сөздің мән-мағынасы жайлы